

## ҚУЫС МҮЙІЗДІЛЕР ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ БІРІ (CAVICORNIA) - МАҢҒЫСТАУ АРҚАРЫ МУФЛОН

**Базаров Б.Қ.**

*Мангистауский архар - Муфлон относится к семейству полорогих (Cavicornia). Муфлоны Мангистауского полуострова и Устюрта один из исчезающих животных требующих правильного исполнения и охраны закона "Охранять животный мир, увеличить прирост и использовать"*

*Argali – Mouflon Mangistau belongs to Na familu bovids (Cavicornia).*

*Mouflon Mangistau peninsula and one of the Ustyurt endangered animals require proper execution and protection of the law "To protect wildlife, increase the growth and use"*

**«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы»** заңының дұрыс орындалуы мен қадағалануын талап ететін аңның бірі Республикамызда Маңғыстау түбегі мен Үстіртте ғана таралған арқар – Муфлон, сан мөлшері де орасан азайып кеткен, сирек кездеседі.

**Таралуы.** Бұлар эндемиктер, тек Маңғыстау облысы аймағында кездеседі. Маңғыстаудың таулы аймағына бейімделген, сонымен қатар батыс және оңтүстік Үстірт шыңдарында кездеседі. Муфлоннан солтүстік қойлар тараған болатын. Муфлон жабайы қойлардың ішіндегі ең ұсағы, салмағы 50-55кг-ға дейін, тұрқының ұзындығы 120см, биіктігі 65-70см, құйрығының ұзындығы 10см шамасында, түсі қара бурылдау, қылшығы тым ірі, түбіті қысқа.

**Тіршілігі.** Бұлардың типтік мекен ортасы тау жарлары, құздары, баурайлары. Бұлар таудағы аңғар сайларға тасаланып жасырынады. Көбінесе тау баурайына жайылып тасалап жүреді. Әртүрлі өсімдіктермен, әсіресе жусан, соран, жабайы астық тұқымдастары сияқты өсімдіктермен қоректенеді. Олар үнемі аңғар сайларында, шыңдарға өскен өсімдіктермен қоректеніп жайылады. Онда олар минералданған бұлақ суларын ішеді. Көру қабілеті күшті дамыған. Үстірт арқарлары жыныстық жағынан үш жасында жетіледі. Буаз болу мерзімі 5 ай. Саулықтары бір, кейде екі- үш қозы туады.



Устыуртский государственный заповедник

Маңғыстау облысы бойынша жабайы жануарлар дүниесіне мониторингі жүргізген Қазақстан Республикасын Білім және Ғылым министрлігіне қарасты Зоологиялық ғылыми зерттеу институты мамандарының мәліметі бойынша облыс аумағында 1991 жылы 240 мың бас - киік, 6000 мың бас - арқар, 3000 бас – қаракұйрық құраған болса, ал кейінгі 2007жылғы мәлімет бойынша киік -10000мың бас, арқар – 1000 бас, қаракұйрық - 1,7 мың бас болып бірнеше есеге азайып кеткенін космостық зерттеу жүргізу барысында көрсеткен.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында қоршаған ортаны ластауға, экологиялық қалыпты жағдайды бұлдіруге жол бермеуге және оның флорасы мен фауналарын сақтап қалуға зор көңіл бөлінетінін атап көрсеткен болатын. Сол себепті де алға мақсат қойып бүгінгі жас түлек- оқушыларымызды бүгінгі табиғатымызды аялауға баулап оқытуға және мұндай сабақтарды оқытудың маңызы ерекше екенін түсіндірген дұрыс. Себебі, табиғат – бәріміздің ортақ үйіміз, сондықтан да жеріміздің экологиялық жағдайын сауықтыру үшін қоршаған ортаны қорғауға және жастарды соған тәрбиелеуге бүгінгі маман - ұстаздардың тікелей міндеті екенін ескергендері жөн.



Маңғыстау Үстірт архары – Муфлон.

ҚР-ың Қызыл кітабына енгізілген Маңғыстау өңірі жануарларының қуыс мүйізділер тұқымдастың жабайы түрлері – муфлон, архар, тау ешкісі (таутеке), ақбөкен, қарақұйрық. Солардың бірі Муфлон немесе үстірт арқары Республикамыздың оңтүстік-батыс аймағы Маңғыстау түбегі мен Үстіртте ғана таралған. Сан мөлшері де өте аз, сондықтан ол қорғауға қатаң алынуы керек деп, ол аңды Қызыл кітапқа енгізген.

Табиғатты қорғаудың халықаралық одағы жер бетінен аңдардың 106 түрінің оралмастай жойылып кеткендігін анықтап жария етіп отырғаны ғылыми жүзінде белгілі. Шын мағнасында сирек және құрып бара жатқан дала жануарларын қорғау мәселесін біздің мемлекетіміз бірінші күнен бастап маңызды істің бірі деп қарап келді, бырақта қорытынды нәтижесі шамалы болды, себебі өлкеміздегі кен орындарының ашылуына байланысты техникалық прогрестің үдей түсуі осындай бағалы дала аңдарының азайып әрі жер ауысып кетулеріне әсерін тигізбей қоймады.. Үкіметтің заң жобаларына сәйкес, бағалы және сирек кездесетін аңдардың санын көбейту бағытында көптеген жұмыстар жасалынууда. Сондықтанда Республикамызда қолда бар байлықты сақтау үшін қорықтар, заказниктер т.б. қажетті ұйымдарды құруда.

Мұнда сирек кездесетін аңдардың тек санын біліп қана қоймай, биологиясын зерттеп, оларға тезірек көбейетін жағдай туғызуға мүмкіндіктер болатынын көздей отырып республикамызда аң шаруашылығы, арнаулы заказниктер және белгілі бір географиялық аудандардағы жануарлармен өсімдіктер дүниесі, оның ішінде бірте-бірте саны азайып бара жатқан және сирек кездесетін өсімдіктермен аң-құстарды сақтайтын тоғыз қорық, жеті ұлттық саябақ құрылған. Сондықтанда аң шаруашылығы халық шаруашылығының бір маңызды саласы болып табылады. Қазірдің өзінде республикамызда сүтқоректілердің 60-тан астам түрі кәсіптік маңызда ауланып, халық шаруашылығына айтарлықтай үлес қосуда. Дәмді ет беретін ақбөкен, таутеке, елік, марал т.б. жануарлар кәсіптік мақсатта ауланып,

тиісті қажеттерге жаратылады. Еліміздегі аңшылық шаруашылығы оларды көбейту мақсатында биотехникалық шаралар жүргізеді: - азықтық және пайдасы тиетін өсімдіктерді отырғызу, қосымша азықтандыру т.б. жұмыстарды жүргізуде.

Республикамызда аңшылық шаруашылығының жұмысын дұрыс жүргізу мен ұйымдастыру жауапкершілігі мемлекет тарапынан Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелген болатын.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 3-тамызда күшіне енген «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заңының дұрыс орындалуын жергілікті комитеттер тарапынан қатаң қадағаланып отырғаны дұрыс деп нұсқау берген болатын..



Тау архарының тау беткейіндегі тыныс алу кезеңі.

Жерімізде табиғатты қорғау мен табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың барысында Маңғыстау аумағындағы биологиялық алуан түрлік сирек кездесетін Муфлон т.б. құрып кету қаупіндегі және қорғауға мұқтаж жануарлар мен өсімдік түрлерін есепке алып сақтап қалу мақсатын көздеу жолын қарастыру бірінші орында тұғаны белгілі, олардың азайу немесе жойыл ып кету салдарына орай, жоғарыда аталып өткен дала аңдары қорғауды мәжбір етеді. Дала жануарлары мен өсімдік түрлерін сақтап қана қоймай, олардың санын көбейту жолының бірі, табиғи байлықтарды дұрыс пайдалану мен қорғауға бағытталған шаралық нұсқауларды қолданып, олардың басын толықтыру жолдарын көздеу барысында, аң шаруашылығын қатаң жолға қою керек.

Еліміздегі кен өндіру қарқыны, бүгінгі күнгі техникалық прогрестің күшее түсуіне соқтырып, адам баласының табиғатқа теген теріс-іс әрекетінің салдарынан табиғатпен ондағы тіршілік иелері- жабайы аңдардың зардап

шегуіне ықпал етуіне орай, ғылыми биологиялық зерттеулерді үйлестіру мақсаты бүгінгі күннің талабы. Ал негізгі проблемаларды Экология және табиғат қорғау ғылыми саласы қолға алып зардап шегіп құрып кету қауіпінде тұрған табиғи дала жануарларының бүгінгі күнгі ахуалын барынша айқын көрсетіп пайдалы шараларды қолдануы жөнінде информация беріп отырғандары дұрыс.

Тиімді аңшылық шаруашылығы тек кәсіптік маңызы бар жабайы аңдарды аулаумен шектелмей, оларды көбейту мақсатында биотехникалық шаралар жүргізілгені жөн: -азықтық және пайдасы тиетін өсімдіктерді отырғызу, қосымша азықтандыру, жерсіндіру, паразиттермен күресу жұмыстарын жүргізуді дұрыс ұйымдастырғанда ғана аңшылық шаруашылығының жұмысы алға басатыны сөзсіз. Қазақстан жыл сайын еліміздегі аң терісі өнімінің 15-16% сатуға шығарып келеді, аң шаруашылығының бұл саласында Ресейден кейінгі екінші орында.



Маңғыстау түбегі архары - Муфлон.

Маңғыстау аумағы батысында Каспий теңізі орын тепкен, ал оңтүстігімен шығысында және солтүстік аймақтрыв алып жатқан құрғақ әр түрлі ландшафты шөлейттер, аласа жоталы таулар мен тегіс далалар. Маңғыстау аумағына қарасты жер, өзінің рельефтік ерекшеліктеріне орай бірнеше географиялық аймақтарға бөлінеді. Бозащы түбегі. Батыс аймақ Түпқараған түбегі. Оңтүстік батыс адырлы аймақ және Орталық таулы Маңғыстау [6].

Маңғыстау жері биоклимат жағдайына қарай шөлді ландшафты аймаққа жатады, топырағының түсі мен беткі қабатына қарай екі аймаққа бөлінеді. Қоңыр топырақты солтүстік сортаң далалық шөл аймақ және сұр қоңыр топырақты шөл аймақ. Маңғыстау өлкесін ерте кезден 1825 – 26 жж бастап зерттеген. Маңғыстау өңірінің миллиондаған жылдармен өлшенетін тарихына сәйкес сан алуан табиғат жаратылыстары мен жануарлар

дүниесінің болғаны белгілі. Ал қазіргі кезеңде Маңғыстаудың қай түкпірінен болса да тіршіліктің маусымдық ерекшеліктеріне байланысты түрлі жануарлардың, сүтқоректілердің, бауырмен жорғалаушылардың, кемірушілердің, құстар мен жыртқыш аңдардың өкілдерін кездестіруге болады. Сонда Маңғыстау түбегінде 50 – 60 сүтқоректілер, 10 – 15 – ке жуық бауырмен жорғалаушылар, 250 – 300 тарта құстар түрлері мекендейді [6].

Маңғыстау дала жануарлары мен түрлі өсімдәктерге бай өлке болып келді.

Ал Қазақстан бойынша «Қызыл» кітапқа енгізілгендері Сүтқоректілердің-325 түрі, құстардың-485 түрі, балықтардың-194 түрі, қосмекенділердің-41 түрі, ал бауырмен жорғалаушылар-141 түрі.

Маңғыстау аумағындағы **«Биологиялық алуан түрлік»** - дегеніміз бұл экологиялық жүйелер арасындағы алуан түрлі тіршілікті айқындайды. Маңғыстау өңіріндегі алуан түрлі биологиялық тіршілік иелері, соның ішінде топ тобымен жүретін тау қойы – муфлон, ақбөкендер мен арқарлар, қарақұйрықтар, ал жыртқыштардан қасқыр, қарақұлақ, қабылан, құлан, түлкі т.б табиғат байлығының көптеген түрлері не бүгінгі күні Маңғыстау аймағы мен Каспий өңіріндегі мұнай-газ т.б. өндіріс қалдықтары су айдыны мен топырақ бетін және жалпы табиғатын ластауға орасан зор ықпалын тигізіп тұрғаны белгілі. Дүниежүзілік маңызы бар көмірсутегі мен газ қоры, нейтронды энергия көзі, бағалы рудалармен минеральдар т.б. табиғат қазыналары ХХІ ғасырдың басынанақ нарықтық-экономикалық бәсекелестік өрлеуі барысында шетелдік инвесторлар оңай олжаға ие болғысы келіп жан-жақтан Каспий жағалауы Маңғыстау облысы аймақтарына да қол сала бастады. Табиғаты сыйға тартқан ел мұрасы жер үсті, жер асты байлықтары кім көрінгеннің қоржынына айналды. Қолынан келгендер қонышынан басып, Каспий теңізі мен жеріміздің экологиялық апатқа ұшырап бара жатқанына елең де еткен емес, етпейді. Сондықтанда **«Қоршаған ортаны қорғау туралы»** заңды қатаң түрде орындап, табиғи ресурстарды саналы түрде пайдалана отырып, табиғатты қорғауды, биологиялық ортаны және биосфераны қорғау тұрғысынан қатаң көзқараста болу бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін есте сақтап бүгінгі жас ұрпақтарымыздың тәрбиелік сана-сезім көзқарасын да солай бағыттасақ жөн болар еді.

Биологиялық ортаның және биосфераның ластану көзінің бірі.



Маңғыстау өңіріндегі мұнай (көмірсутегі) өндіру орындарының бір көрінісі – ластану көзі.

Биологиялық ортаны және биосфераны ластану көзінен қорғау бүгінгі күннің өзекті мәселесі.



Жер асты байлығы көмірсутегін өндіру ісінің қарқынды кезеңі.

Жер асты байлығы көмірсутегі және газ т.б. өндірісінің қарқынды жүруі ғылыми техникалық прогрестің өркендей түсіп жер асты-үсті қойнауы өнімдерін игеріп алу мақсаты көзделіп экологиялық проблемалары мәселесіне көп көңіл бөлінбегені белгілі, сондықтанда ҚР Президенті халыққа жолдауында атап отырып қосымша заңдарды жариялаған болатын.

Қазақстан Республикасы үшін алғашқы кезде экологиялық қауіпсіздікті сақтау тәжірибиесі аз болды, соның салдарынан Маңғыстау аймағыда өзіндік орны толмас зардап тартып келеді [6].

Республикамыздың экономикасын көтеру мақсаты қарқынды жүзеге асып келеді, бірақта ол қарқын Қазақстанның оңтүстік -батыс облысы аймағы Маңғыстау өңіріне зор ықпал етуде, себебі жер бедері мен табиғаты бұзылды, жайылымдық алқаптар көлемі азая түсті, дала жануарлары мен өсімдіктер сиреп, қоршаған ортаның климаттық жағдайы да өзгере түсті. Маңғыстау өңіріндегі индустрия көзінің қарқындай түсуіне байланысты техника мен техникалық құралдардың көбеюі, жеріміздегі жабайы аңдарды қырып ұстауға мүмкіндіктер беріп, аңдардан алынған мүйіздің 1кг. құнын 1,0-1,5 мың.долларға бағалап шетелдерге алтынға немесе долларға айырбасталып кеткені қаншама болатын. Осындай факторларға байланысты Маңғыстау өлкесіндегі таулы және кең жазықтық орталарда мекен ететін жыртқыш тұқымдастарының бірі гепард, барыс, қарақұлақ, қасқыр, арқар т.б және жазықтық орта жануарлары қарақұйрық, ақбөкен т.б. да зардап тартып жер ауысып кеткені қаншама.

Маңғыстау жерінің рельефіне қарайтын болсақ жануарларға мекен болатын қолайлы жерлер көп, соған қарамастан аталып өткен факторларға байланысты жабайы аңдар сирек кездеседі, мәселен Оңтүстік Ақтау мен Қаратауда, Қарақия ойпатында, Үстіртте жабайы қой муфлондар көп кездесетін. Ал қазіргі уақыттарда тек қана адам баласының аяғы жете қоймайтын жерлерде ғана аздаған тобы кездесіп қалады.

Маңғыстау өңіріндегі ғылыми зерттеу мәліметіне байланысты дала жануарларының 10 шақты түрі ғана қалғаны расталған - Қарақұйрық, ақбөкен, үстірт қойы немесе арқар, жыртқыштардан: гепард, шығыс мысығы, қарақал, сары ала қоржық, қарақұлақ, жайра, қара кірпі т.б. ал құстардың 16 түрі олар: аққұтан, қарабай, бұйра бірқазан, қызғылт бірқазан, қоқиқаз, дуадақ, сұңқылдақ аққу, шүршілдек торғай, жылан бүркіті, қара құс, ұзын құйрық т.б

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңы ерекше қорғалатын табиғи аймақтар қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін белгіледі. Онда ерекше қорғалатын табиғи аймақтар қоршаған ортаның орналасқан ортасы, экологиялық ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, ұлттық байлығы болып табылатынын атаған.

Муфлондар белгілі бір аумақты мекен ететін дала қойлары, олар күз айларында 10-15 болып жиналып топ құрып жүртін түз тағылары. Қазіргі уақытта елді мекендерімізде 300-400 ге жуық арқарлардың барлығын анықтаған.



«Қоршаған ортаны қорғау туралы» заң актілерін жүзеге асыра отырып, кен өндіріс аймақтарының экологиялық жағдайын тексеру мақсатында геологиялық барлау, өндіріс, өнеркәсіп, тасымалдау орындары т.б, қатаң талап қойып оларды бақылауға алып, жіберілген кемшіліктерін анықтай келе, оларға қатаң шара қолданып келтірілген зияндарын есептеп түскен қаржыны «жануарларды қорғау фонды» -на аударып жәрдем берген жөн болар еді. Табиғат байлығы экологиялық ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, ұлттың байлығы болып табылатыны белгілі.

Экологиялық проблемалар өршіп тұрған кезде әрбір жеке адамның қалыптасу процесінде және оның сана сезіміне, табиғатты қорғау тұрғысында әлеуметтік психологиялық мақсаттарды дамыту керек.



С.Торайғыровтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті.

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы территориясында мемлекеттік табиғи Үстірт қорығы -223342 га аумағы 1984 жылы ашылған және Маңғыстау аймағында құрып кету қауіпі төніп және сирек кездесетін сүтқоректі жануарлар түрлері ішіндегі тұқымдасынан: Қуыс мүйізділер тұқымдасы - *Savicornia*. Бұл тұқымдастың жабайы түрлері: муфлон (Үстірт тау арқары), арқар, тауешкісі (тау теке), ақбөкен, қаракұйрық.

Муфлон немесе Үстірт тау арқары Республикамыздың Маңғыстау түбегінен Үстіртте ғана таралған. Муфлон жабайы қойлардың ішіндегі ең ұсағы. Муфлонның салмағы 50 кг-ға дейін, тұқымның ұзындығы 120 см, биіктігі 65-70 см, құйрығының ұзындығы 10 см шамасында, түсі қара бұрылдау, қылшығы тым ірі, түбіті қысқа. Үй қойларымен өсімтал, будан береді. Муфлоннан солтүстік қысқа құйрықты қойлар тараған деп есептейді.

Қазақстан Республикасы 2004-2015 ж.ж арналған экологиялық қауыпсіздігі тұжырымдамасында сәйкес, биотүрлілікті сақтаудың неғұрлым тиімді шарасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру болып табылады.

### **Негізгі мақсат:**

1. Маңғыстау аумағындағы құрып кету қаупі төнген және қорғауға мұқтаж дала жануарларына ықпал ету және мониторингтік зерттеулер жүргізу.

2. Маңғыстау аумағындағы құрып кету қаупінде тұрған немесе сиреп бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді қалпына келтіру немесе сақтап қалуға әсер ету барысында зерттеулер жүргізуді іске асыру.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Заңын қатайту және қадағалау арқылы қосымша қолайлы аумақтар ашу бағытын көздеген дұрыс.

4. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімдік молайту және пайдалану

5. Биологиялық әртүрлілікті сақтау мен теңгермелі пайдаланудағы жергілікті міндеттерді жүзеге асыруды қарастыру.

6. Биоресурстарды дәстүрлі пайдаланатын жергілікті тұрғындардың құқықтарына қатысты нормаларын енгізу керек.

7. Глобалды экологиялық қордың қолдауымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында бірқатар жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру мүмкіндігін қолданған жөн.

Маңғыстау өңірінің экологиялық проблемалардың туындауының кесірінен сүтқоректі т.б. жануарлар санының азайып немесе құрып кету қаупі төніп тұрған (қызыл кітапқа енгізілген Мұфлон т.б.) сүтқоректі жануарлардың биотүрлілігін сақтап қалу барысында қорғау шараларын жасау жолдарын көздеу бүгінгі күн талабы.

### **Әдебиеттер:**

1. «Экология және табиғатты қорғау». Алматы, Мектепспасы, 2002ж

2. «Жайылым және экология». Асанов К.Ә, Елешов Р.Е, Алимбаев И.И., Алматы, «Ғылым» баспасы, 2010ж

3. «Экология» Бейсенова Ә.С, Шілдебаев Ж.Б, Сауытбаева Г.З, Алматы «Ғылым», 2001

4. «Охрана труда и экология», Полозков В.Т. Издательство «Недра» 1975г

5. Интернет баспасынан «Маңғыстау аймағының биоресурстарының мәліметі»

6. ҚР Президентінің халыққа жолдауы бағдарламасынан -2010, 2011, 2012ж. Астана қаласы.